

- Как мы сегодня работали? (Дружно, быстро, кто активнее работал, кто помогал другим.)

8. Домашнее задание.

По карточкам (на карточках изображены ломаные линии) составить сообщение о ломаной линии.

Подготовить загадки о животных и грибах леса.

Тема: Внетабличное умножение и деление. Решение задач.

Экологическая безопасность.

Экологические задачи

* На семью из 3 человек в сутки требуется 51 кг чистого воздуха. Сколько килограммов воздуха потребуется на семью из 5 человек?

Обратные задачи:

* На 5 человек требуется 85 кг чистого воздуха. Сколько килограммов чистого воздуха потребуется для 3 человек?

* На семью из 3 человек в сутки требуется 51 кг чистого воздуха. На сколько человек хватит 85 кг чистого воздуха?

* Вяз и клен выделяют в год 16 кг кислорода, клен в 7 раз меньше, чем вяз. Сколько кг кислорода выделяет вяз?

Цель интегрированных уроков с применением знаний природоведческого содержания – обучение учащихся умениям самостоятельно использовать знания разных дисциплин при решении новых вопросов и задач, а также для формирования природоведческих представлений и понятий, правильного отношения к окружающей природной среде.

Таким образом, благодаря продуманной, систематической урочной и внеклассной работе в начальной школе можно заложить основы формирования личности с новым образом мышления и типом поведения – экологическим.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Бабанский Ю.К. Педагогика. Курс лекций. – М.: Просвещение, 1983.
- 2 Дереклеева Н.И. Справочник классного руководителя. – М.: ВАКО, 2005.
- 3 Дик Н.Ф. Настольная книга учителя начальных классов. – Ростов-на-Дону: Феникс, 2005.

ҚАЗАҚ ЭТНОПЕДАГОГИКАСЫНДА ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕСІНІҢ ҚАРАЛУЫ

Бейсенбекова Г.Б.,

академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Шмакова К., Акишева А.Ж.,

№ 76 А. Бөкейхан атындағы орта мектеп, Қарағанды қ.

Қазіргі кезде өмір үнемі өзгеріп, қоғам үздіксіз дамып отырған шақта ақыл ойы озық, білімі мен білігі жоғары, ұлттық рухы күшті жас ұрпақты тәрбиелеу қажеттігі күн озған сайын артып отыр. Сондықтан ел тұтқасын ұстар азаматтардың өнегелі тәрбиесі бүгінгі күні тұрған маңызды мәселелердің бірі. Олардың отансүйгіштік сезімін, білім мен біліктігін, дағдысы мен шеберлігін, асқақ адамшылық пен адамгершілік қадір қасиеттерін, жаңа дүниетанымдық көзқарастарын, салауаттылық дағдыларын, ұнамды мінез-құлық нормаларын, рухани адамгершілік құндылықтар арқылы қалыптастыру үлкен қажеттілік десекте болады.

Жас ұрпақтың азамат болып қалыптасуы, оның шығармашылықпен дамуының түп тамыры тәрбиеден бастау алып ол Қазақстанның ертеңі мен еліміздің ұлттық қауіпсіздігі, қоғамның құндылық бағдарлары жайлы сөз қозғағанда тәрбие проблемалары ерекше назар аударуды қажет етеді. Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасында қазіргі кездегі тәрбие мәселелері былай деп көрсетілген қазіргі тәрбие мазмұ-

ны ғасырлар бойы қалыптасып, белгілі бір тарихи кезеңде қоғамдық сананың даму ерекшеліктеріне идеялық және құндылық ұстанымдарға байланысты жетіліп отырады /1/.

Жалпы адамзаттық тұрғыдан қарағанда тәрбие мақсаты – әрбір тұлғаны әржақты және жарасымды етіп тәрбиелеу. Адам – жер бетіндегі тірі организмнің жоғарғы сатысы, қоғамдық-тарихи іс-әрекеті мен мәдениет субъектісі, басқаша айтқанда іс-әрекет пен қарым-қатынас иесі.

Адам іс-әрекеті, сезімі мен ойлау ерекшеліктері оның өмір сүріп отырған қоғамдық-тарихи жағдайларына тәуелді болады.

Әрине, адам баласының әрқайсының өз өмір жолы болатыны тәрізді, кез-келген халықтың, қоғам мен мемлекеттің өз тарихи ғұмыры бар. Ол көне тіршілік көшінде сан алуан кейіпте көрініп келе жатқан күрделі үрдіс. Әр ұрпақ өзінің бұрынғы ұрпақтың жалғасы болғанынан, өз дәуірінің шыңырауына үн қосып, өз соқпағын іздейді. Әлем тарихында тәрбие туралы білім ғасырлар бойы тамыры тереңге кеткенің білеміз.

Халқымыз ғасырлар бойы өз ұрпағын адамгершілікке, елжандылыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеп келеді. Осы ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан дәстүрдің өзегі, алтын дінгегі халықтық педагогика болды деуге болады.

Халықтық педагогика салт дәстүр, жол жора, қонақ күту рәсімдері, ел жұрт, ру тайпа, қала берді бүкіл халықтық қарым-қатынастан берік орын алған тәлім-тәрбиенің түрі, адам мінезі, іс-әрекетін қалыптастырудың белгілі нормасы болып табылады.

Педагог М.Жұмабаев жас ұрпақтың санасына адами қасиеттер мен ізгілік тағылымдарын қалыптастыру біріншіден ғылыми зерттеу жетістіктеріне негізделсе, екіншіден – халықтың тәлім-тәрбиелік құндылықтарына сүйенуі керек деп, тәрбиенің “халықтық принципін” ерекше атауына мән беруді қуаттайды.

Қазақы дүниетаным, ақыл-ой, тағылымдық ұлағат ғасырлар бойы шыңдалып қалыптасты. Сан ғасырлық ұлттық тәрбиенің этнопсихологиялық негіздерін бір арнаға түсіріп, қазақ ойшылдары мен ағартушыларының, қоғам қайраткерлерінің еңбектеріндегі ұлттық тұлға тәрбиесі туралы ой-пікірлердің дамуын, халқымыздың шынайы ұлттық тұлғасы болған ақын-жазушы, ғалым және қоғам қайраткерлерінің үлгі-өнегесін тәрбие мәселесінде пайдалану да қарастырылып келеді /2/.

Қазақ этнопедагогикасындағы білім өз мәні жағынан жас ұрпаққа ішкі дүниесін, оның рухани-адамгершілік келбетін қалыптастыруға мүмкіндігі зор. Қазақ этнопедагогикасының бұл арада ерекше орны бар. Өйткені оның мазмұнында ұлттық құндылықтар жарасымды үйлесімлікке ие /3/. Мұның өзі қазақ халқының өзіне тән ұлттық ерекшелігін терең танып білуге меззейді.

Сонымен 1990 жылдардың басынан бастап қазақ этнопедагогикасы зерттеу ерекшеліктеріне байланысты жеке салалар бойынша:

– қазақ этнопедагогикасының ғылыми-методологиялық және теориялық негіздері (С.Қ.Қалиев, К.Ж. Қожахметова);

– қазақ этнопедагогикасындағы ұлттық тәлім-тәрбие мәселелері (Қ. Бөлеев, Ш.Беркімбаева, К.А. Оразбекова);

– қазақ этнопедагогикасының тарихы (Қ. Жарықбаев, Т. Әлсатов, З. Әбілова, Ә.Табылдиев, Ш. Жұматаева);

– халық педагогикасындағы экологиялық тәрбие (Н.Қ. Сарыбеков, С. Ысқақов, Ж.И.Жанұзақова, Г.М. Сәбденәлиева, Ш.Ж. Арзымбетова);

– халық педагогикасындағы эстетикалық тәрбие (С. Ұзақбаева, М.Х. Балтабаев, Т.А.Қышқашбаев);

– қазақ этнопедагогикасы материалдарын мектеп практикасына ендіру (Р.Қ.Дүйсембінова, Т.Ә. Қоңыратбаева, Ә. Сәдуақасов);

– қазақ халқының этномәдени мұралары негізінде ұлттық тәрбие беру (Ж. Наурызбай, Б.Е. Қайырова);

- халық педагогикасындағы дене тәрбиесі (Б. Төтенаев, М. Тәнікеев, Е. Сағындықов, Б.М. Досқараев);
- шет елдердегі қазақ диаспораларындағы ұлттық тәрбие мәселелері (Қ. Қобдабай, Ә.Ашайұлы);
- халық педагогикасы материалдары негізінде бастауыш сынып оқушыларына ұлттық тәрбие беру (Ш.Б. Құлманова, Р.К. Төлеубекова, Ж.С. Хасанова);
- жоғарғы және арнаулы оқу орындарындағы студент жастарға қазақ этнопедагогикасы мұралары негізінде білім мен тәрбие беру мәселелері (Б.Б. Мұқанова, М.Н. Сарыбеков, Е.Жұматаева, Ж. Асанов);
- халық педагогикасындағы патриоттық тәрбие (С.Т. Иманбаева, А.Н. Иманбетов);
- халық педагогикасындағы қыздар тәрбиесі (Л.С. Сырымбетова);
- халық педагогикасындағы адамгершілік тәрбиесі (А. Төлеубекова, А.Қ. Қисымова, Ж.Б. Сәдірмекова);
- оқушыларға этномәдени білім беру (С.К. Әбілдина);
- қазақ қыздарына этникалық тәрбие беру (Г.Б. Бейсенбекова) және басқа ғалымдардың зерттеулері қазақ этнопедагогикасының ғылыми саласының күрделілігін айқындайды.

Алайда, қазақ халық педагогикасының қажеттілігін анықтайтын алғышарттар төмендегідей:

1. Оқушылардың адамгершілік қасиеттерін, ұлттық сана-сезімін дамыту мақсатында халық педагогикасы материалдарын мектеп практикасында пайдалану қажеттігі (халықтың ауызекі-поэтикалық шығармалары, ұлттық салт-дәстүрлер, Қорқыт, Әл Фараби, Ж.Баласағұн, Асанқайғы, Д. Бабатайұлы т.б. шығармалары);
2. Қазақ этнопедагогикасын мектеп практикасында пайдалану қажеттігін тікелей атап көрсетпегенімен, оның бала тәрбиесіндегі рөліне, құнды адамгершілік қасиеттері мен ұлттық сана-сезімін қалыптастыруы (А. Құнанбаев, Ы. Алтынсарин, Ш. Уәлиханов);
3. Қазақ зиялылары мен ғалым-педагогтарының шығармалары (М. Жұмабаев, А.Байтұрсынов, Ж. Аймауытов, М. Дулатов шығармалары);
4. Қазақ этнопедагогикасы материалдарын мектептерде пайдалану туралы қазақ зиялыларының айтқан ой-пікірлері (Т. Тәжібаев, М. Ғабдуллин, Қ. Бержанов);
5. 1970 жылдардан бері қарай қазақ этнопедагогикасының зерттелуі (А.Х. Мұқамбаева, И. Оршыбеков, т.б.).

Профессор Р.Қ. Дүйсембінова ұсынған халық педагогикасы материалдарының функциональдық мүмкіндіктеріне келсек:

Танымдық функциясы – жас ұрпақ өз ұлтының рухани – мәдени қазынасын жаңа қырынан танып – білуге, әрбір тарихи кезеңдердегі дүниенің заттық – сезімдік құндылықтарын бағалауға, болмыстағы, қоғамдағы қарама – қайшылықтарды, оның даму процесін байқап, бағамдап, идеологиялық бағытын санамен ұғынуға көмектеседі.

Тәрбиелік функциясы – қазақ халқының жас ұрпақты өмірге бейімдеп, болашағына бағыт – бағдар беруінен байқалады. Үлкендер әрдайым ат жалын тартып мінуге талпынған жас буынға қоғамдағы өз міндетін жауапкершілікпен бұлжытпай орындауға, қажымай – талмай еңбек етуге көмектесіп, оларға қажетті білім, іскерлік, дағдыларды меңгертуді көздейді.

Дамытушылық функциясы – жас ұрпақ халықтың рухани қазынасын меңгеруге қызығушылығын оятып, қажеттілігін дамытады, тілін ұстартып, ой әрекеттерін белсендіреді, сенсорлық және қозғалыс, эмоциялы – ерік және қажеттілік – мотивациялық қабілеттерінің дамуын ілгерілетеді.

Коммуникативтік функциясы – ұлттық мәдени – рухани мұраның құнды идеяларын, өнеге тұтар дәстүрлерін түсінікті тілмен, логикалық жүйемен тындарманға жеткізе білуге үйретеді.

Әлеуметтендіру функциясы – жас ұрпақ өз ұлттының рухани – мәдени мұрасын сезіне білуін, өзінің Қазақстан Республикасының азаматы екендігін саналы көзқараспен түсінуін қалыптастырады.

Ақпараттық функциясы – ұлт мәдениетінің озық үлгілерін (халық шығармашылығы, салт – дәстүрлер, халық ілімдері, құнды педагогикалық идеялары, т.б.) өзгелерге насихаттап жеткізу ролін атқарады.

Бұл функциялар тәжірибе жүзінде бір – бірінің себеп – салдары болып келетіндіктен, өзара тығыз байланыста болады және оқу – тәрбие үрдісінің барлық компоненттерінде (сабақтың міндеттерінде немесе оқытудың белгісі бір бөлімінде; білім мен тәрбие мазмұнында; құралдар мен әдіс – тәсілдер жүйесінде; оқыту мен тәрбиелеу үрдісінің психологиялық аясында) көрініс алып отырады /4/.

Жас ұрпаққа ұлттық тәрбие берудің негізгі құралы ретінде, еліміздің ғалымдары ұсынған оқу, оқу-әдістемелік құралдары мен бағдарламалары жетерлік оның ішінде:

«Атамекен» бағдарламасы (М. Құрсабаев);

«Кәусар бұлақ» (З. Ахметова);

«Сенім» (А.Қыраубаева) ;

«Әдеп әліпесі» 1-4 сынып (Ә. Табылдиев);

«Қыздар әліпесі» (К.Ы. Адамова, К.Ж. Кожаметова, Л.С. Сырымбетова);

«Елім-ай» (М. Балтабаев)

«Дәстүр» (Ә. Садуақасов) т.б.

Әрине, қай заманда болса да адамзат ұрпағына ұлттық тәрбиенің аса құнды ықпалы мен әсерін өмірдегі басқа еш нәрсенің күшімен салыстыруға болмайды. Себебі әр халықтың тәлім-тәрбиелік мұрасы – ұлттық мәдениеттің маңызды белгісі болып табылады. Осы арқылы ол ұлттың ұлттық тәрбиесінің ерекшеліктерін білеміз.

Болашақ ұрпақ – туған жері мен халқының перзенті. Ол қайда жүрсе де өз ұлтының жақын болашағы, әрі өкілі. Жас ұрпаққа ата-баба дәстүрлерінің озық үлгілері негізінде тәрбие беріп, олардың бойында ұлттық қадір-қасиеттерді, намысы мен туған елін, халқын құрметтейтін, сөйтіп азаматтық борышын өтейтін тұлға етіп тәрбиелеу – жалпы қоғам дамуындағы ізгі мақсат екендігі кімге болса да ерте кездерден таныс қасиеттер.

Ата-дәстүрді дәріптеу – қазақы тәлім-тәрбиенің ірге тасы деуге болады. Ал имандылық пен сенім, ел-жұртын құрметтеу – саналы азаматтың мінезіндегі ізгілік жолы. Ата-бабаларымыздың жас ұрпаққа мұра етіп қалдырған игі қасиеттерін қастерлеу өскін буынға тәлім-тәрбие берудің қуатты құралы болатындығы ешқандай күдік тудырмайтыны ақиқат.

Қорыта келе, халық педагогикасы – ежелден халықпен бірге жасасып келе жатқан тәлім-тәрбие мектебі. Ғалымдар тұжырымына сүйенсек, халық педагогикасы ғылым емес, ол халықтың ғасырлар бойы жинақтаған, бірақ бір жүйеге келтірілмеген ұрпақ тәрбиесі жөніндегі эмпирикалық білімі мен тәжірибесінің жиынтығы, этнопедагогика ғылымының зерттеу нысаны, педагогика ғылымын тудырушы қайнар бұлақ. Сондай-ақ белгілі зерттеуші Б. Шаффердің тұжырымына назар аударсақ, онда өз еліне деген сүйіспеншілік тәрбие арқылы даритын сезім болмақ /5/.

ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ

1 Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы. – Астана, 2009.

2 1ksu.kz/files/AutoReferats/Imanbetov_A_N.doc

3 Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. – Алматы: Рауан, 1998. – 179 б.

4 Әбілдина С.Қ. Қазақстанда оқушыларға этномәдени білім берудің қалыптасуы мен дамуы // Ғылыми басылым. – Алматы: ҚарМУ баспасы, 2011. – 349 б.

5 Наурызбай Ж. Ұлттың ұлы бола алсақ... Мақалалар, сұхбаттар мен зерттеулер. – Алматы: Ана тілі, 1997. – 160 б.